

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 мамырдағы № 464 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, № 69 үй мекенжайы бойынша орналасқан ғимарат «М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгерімінен заңнамада белгіленген тәртіппен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру үшін қажетті ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С. Ахметов